



Атқа мін, қазақ!



**Халқымыздың бәйге аттарын
баптау және сынау әдістері**

Атқа мін, қазақ!

**Халқымыздың бәйге аттарын
баптау және сынау әдістері**

ББК 63.5

А 90

А 90 Атқа мін, қазақ! - Алматы:

“Өнер”, 2001. - 56 бет.


**Кітапты баспаға дайындағандар: Ө.Көпіш,
Р.Сатай**

ISBN 5-89840-475-9

**А 0505000000
409(05)-01**

ISBN 5-89840-475-9

© “Өнер”, 2001



Әлқисса

Аттың дүбірі естілсе бойдағы қаны тулайтын қазақ сол атты бәйгеге қосып, көкпарға салғанды былай қойғанда, күнделікті шаруаға қосу үшін де үнемі баптап, күйін келтіріп отыруды әдетке айналдырған. Қазіргі кезде тұрмыстың қай дәрежеде екендігіне қарамастан, халқымыз ежелгі дәстүрі — ат жарыстарын, ат ойындарын, әсіресе, бәйге мен көкпарды қайта жандандырып келеді. Егемендігімізді еншілеген мына заманда, шүкіршілік деп айтайық, тойтамашаларымызды, бұрын аттарын атап, даңқты істерін паш ете алмай келген ақылгөй данышпан ата-бабаларымыз бен ел қорғаған, жер қорғаған батырларымызды еске алуға арналған жиындарымызды ашық өткізетін болдық. Ешкімге жалтақтау жоқ, ешкімнің енді бізге жасайтын қысымының керегі жоқ. Ал, қазақтың тойы мен тамашасы қашан және қай дәуірде аттың, арғымақтың жарысынсыз өткен еді?! Жарыста ондаған, жүздеген аттардан озып, иесіне, тамам

жұртқа атақ әперген, даңқ сыйлаған сандалкөк сәйгүліктердің аты жадымызда мәңгілік сақталып келеді.

Өткен ғасырлардың Тайбурылдарын, Құлагерлерін былай қойғанда, қазақ топырағында жаратылған, 1960 жылы Рим Олимпиадасында алтын, 1964 жылы Токио Олимпиадасында қола және 1968 жылы Мехико Олимпиадасында тағы да алтын медальды жеңіп алған сәйгүлік Абсенттің өзі не тұрады! Ол Жамбыл облысының Луговой жылқы заводында өсірілген еді.

Қазіргі аламан бәйгелерде неше жылдар бойы қатарынан бас жүлделерді бермей келе жатқан «Талисман», «Қаратөбел», Бошайдың үш қарасы атанған (Құланқара, Бұланқара, Желмая) және де басқа тұлпарларымыз да баршылық. Олардың өнерін тамашалау арқылы біз бұрынғы ата-бабаларамыздан мұра болып келе жатқан ат жарысының қаншалықты тамаша екендігінің, адам мерейінің қаншалықты шарықтаған биікке көтеріліп келе жатқанының куәсі болудамыз.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл шағын кітапшамыздың мақсаты жарысқа, көкпарға қосу барысында атқа қандай күтімдер көрсетіліп, олар қалай бапталады және жылқыны сынау жайына тоқталу. Қазақ халқында **жылқыны баптау мен сынау** арқылы тұлпар тектес жүйріктерді анықтаудың *көп ғасырлық мол тәжірибесі* бар. Бұрынғы кезде мұндай дәстүрлер ауызекі түрде тарап келген болса, бүгінгі күндері қағаз бетіне түсіріліп, ондаған кітаптар мен жинақтар, газет-журнал беттерінде жүздеген мақалалар жарияланып келеді. Кітапшамызда «Қайнар» баспасынан 1987 жылы жарық көрген “Ер қанаты» атты жинақтағы белгілі жазушыларымыздың, зерттеушілеріміздің және көрнекті ғалым, әрі ұстаз Ж. Дәдебаевтың 1994 жылы шыққан «Тұлпардың сыны мен бабы» («Бастау») атты кітабында келтірілген мақалалар мен зерттеулер пайдаланылды. Негізгі мақсат – бұрынырақ жарық көріп, қолдан-қолға тарап кеткен **жылқы баптау мен оны сынау** жөніндегі дүниелерді қайта ұсыну болып отыр.

АТТЫ ҚАЛАЙ БАПТАУ КЕРЕК?

ШОҚАЙ ШӨҢКЕЙҰЛЫНЫҢ (тәжірибесі ХІХ ғасыр.)

Көктемнен күзге дейін ат-айғырды үйірге жібереді. Үйірдегі ат-айғыр өз аяғымен жайылады. Өз аяғымен жайылып жүрген ат-айғырдың қоңының төмендемей, тым семіріп кетпей, орташа күйде болғанын қадағалау керек. Қыс күндері оны таза, нәрлі пішенге байлап, күш түсірмей, аздырмай мініп жүруге болады.

Атты бәйгеге дұрыс дайындап, баптау мерзімі екі жарым айдан кем болмауға тиісті. Баптау наурыз айының алғашқы күнінен басталады.

Бапкер наурыздың бірінші күнінен бастап, күн сайын кешке қарай аяңмен 3-4 шақырым жер жүріп қайтады. Мұндай жүрістен кейін, атты таң асырып суытады. Таң асып суып тұрған ат жерге жатпас үшін оның шылбырын мама ағашқа қысқа етіп байлайды.

Ертеңгісін таң асып суыған атқа

алдымен аздаған пішен береді, содан кейін оны суғарады, суға қанған атқа 2,5 қадақ сұлы береді. Сұлыдан кейін аттың алдына мол қылып сапалы пішен салады. Ат пішеннен қанша жесе де көптік етпейді. Кешке қарай 3-4 шақырым қашықтыққа аяңмен жүргізіп келу керек. Мұндай жүріске шығар алдында атқа тағы да 2, 5 қадақ сұлы жегізген дұрыс.

Наурыздың екінші жартысынан сәуірдің басына дейін осы тәртіппен атты екі немесе үш күнде бір суытады. Бұл уақыттар аралығында аттың жем-шөбіне өзгеріс енбейді.

Наурыз айы ішінде жасалатын мұндай суытудың көздейтін өз мақсаты бар. Мұндай суыту барысында ат, біріншіден, шөп қарыннан тазарады, екіншіден, жеген жемінен күш алып қайраттана түседі.

Сәуір айының басынан атты күн сайын желіске салып суытады. Жер қашықтығы бұрынғысынша 3-4 шақырым күйінде сақталады, жем-шөп, таң асыру тәртібі бұрынғыдан өзгермейді.

Сәуір айының екінші жартысынан бастап аттың жылдамдығына өзгеріс енеді.

Көрсетілген 3-4 шақырым қашықтықтың алғашқы кезеңінде ат бұрынғысынша желіп отырады да, соңғы 1-1,5 қашықтықты шоқырақпен алуға тиісті. Жем-шөпке мынандай өзгеріс енеді: бұрынғыша суып, таң асқан атқа ертеңгісін аздап пішен беріп, содан соң оны суғарады. Суғарғаннан кейін бұрын беріліп келген жем берілмейтін болады. Кешке қарай, суытуға шығар алдында ғана атқа 2 қадақтай сұлы береді.

Жем-шөптің мөлшері мен беру тәртібінің өзгеруіне байланысты атты суытудың жиілігі де өзгереді. Ат енді 3 немесе 4 күнде бір рет қана суытылады. Суытылмаған күндері атқа аздаған ғана сұлы беріледі де, оның негізгі қоры сапалы пішен болады.

Егер аттың қарны тиісті көлемге дейін тартылса, онда атты тағы да, сәуірдің басындағыша, аяң жүріспен жүргізіп, одан желіске салып, одан кейін шоқытып суыту керек. Суытып, таң асырып, жемдеу тәртібінде өзгеріс болмайды. Қарны тартылғанша атты осы тәртіппен 2-3 күнде бір суытып отырады.

Бөйгеге бір немесе бір жарым апта қалғанда, атты суытудың ең маңызды кезеңі басталады. 4-5 шақырым қашықтықта ат алдымен аяң жүріспен жүріп, одан желіске көшіп, желістен — шоқыраққа, одан желіске көшеді. Желіске көшерде аттың жабуы жабылады. Қораға 100 қадамдай қалғанда, атты аяңға көшіру керек. Ат сол аяңдаған қалпында жабық ат қораға келіп кіреді.

Жабық ат қораның ішінде атты жабу жабылып тұмшаланған күйінде, ащы терінің түгел шығып, терінің тұз дәмі кеткенше жетектеп, немесе мініп аяңдап жүру керек. Мұнан кейін аттың жабуын алып, тері кепкенше сол қора ішінде жетелеп жүру дұрыс. Тері кепкен соң да атты қораның ішінде кешке дейін ұстау керек. Кешке атты жабық қорадан шығарып, тиісті орында суытып, таң асырады.

Таң асып суыған атқа алдымен аздаған пішен береді, одан кейін сұлы, сұлыдан соң тағы да аздаған пішен береді. Соңында атты қанғанша суғарады.

Су ішіп қанған соң, атты мұздай сумен жуады да, үсті құрғағанша сүртеді. Одан

әрі атты денесі толық кепкенше серуендетіп жүреді. Бұдан кейін атқа бір құшақ пішен береді, пішенді жеп болған атты суғарады. Содан соң атқа 1,5 қадақ сұлы беріп, оны тағы да таң асырып суытады. **Аттың артық майы кеткенше, суытудың осы тәртібі сақталады.**

Бәйгеге бір-екі күн қалды дегенде, атты жиі аяндатып, суы қанғанша суғарып, аз-аздап сұлымен жемдейді де, қаңтарып қояды. Түнге қарай атты ұйықтатпай, жерге аунатпай, мама ағашқа шылбырын қысқа етіп байлау керек. Бәйгеге дейін ат осы тәртіп бойынша бапталады. **(Ж. Дәдебаев, “Тұлпардың сыны мен бабы” 12-14 б.б.)**

Бұл айтылғандар бұдан бір жарым-екі ғасыр бұрынғы ат баптаудың жай-күйі болса, бүгінгі күні ат баптаушылардың, атбегілердің көзқарасы басқашалау талап тұрғысынан байқалыс танытады. Енді мысалға Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, тараздық атбегі **Нұрдәулет Әлібекұлының** тәжірибесін ортаға салып көрейік.

...Жүйрік ат көп жатпайды, жатқанды

жақтырмайды. Жүйрік ат жыл бойы, қыста да, жазда да үнемі бір қалыпта болуы шарт. Қыстан үнемі жілік майы толық, аздап қазысы болып шықса жақсы. Қысқасы, аязда жылы қорада, жазда шілдеде салқын көлеңкеде ұстау керек. Саз және балшықты жерде тұрса, тамырына суық өтіп, аяғы ақсауы мүмкін. Сөйтіп, аттың обалына қалады. Бұл да атқұмар азамат ескеретін жәйт. Ең алғашқыда атты бәйгеге қосу үшін кемінде екі ай дайындайды. Атты шабандоз баланың өзі суытқаны жөн. Суыту кезінде екеуі (бала мен ат) бір-бірімен жақсы түсініседі, кейін бәйгеде ол да өз нәтижесін береді. Суытылған жердің ойлы-қырлы болғаны дұрыс, сонда аттың бұлшық еттері жақсы жетіледі. Ертеңінде аттың көзіне зер салған жөн. Тері жақсы алынған, бабын тауып суытқанда ғана жүйрік ат сергек көрінеді. Өте жақсы суытылған ат жатқанда төрт аяғын бір жерге буып тастағандай болады.

Атты көп жетелеп, аз байлап, бос тұрғаны дұрыс. Әр суытқан сайын, шақырымды қосып отыру қажет, бірақ та

шаршатпау шарт. Төрт-бес рет суытқанда аттың тері тұзсыз, таза су сияқты болады. Сонда жүйрік ат бабына келе бастайды. Жақсы суытылған ат бестен тоғызға дейін қатты құмалақтайды және ол құрғақ болады. Жақсы жетілген аттың бұлшық еті, буын-сіңірлері шығады және тыныс мүшелері, өкпесі жетіледі. Мүмкін болса, танауындағы шеміршекті алып тастаған дұрыс, сонда ат шапқан кезде демін емін-еркін алады.

Бәйге атын шаршатпай, арықтатпай, аса жүдетпей жарату ләзім. Оны арытып алмау үшін, шөпті, жемді, суды күніне үш-төрт рет беру міндет. Бір бергенде 3-4 кг қырдың немесе таудың шөбі, 2 кг таза жуылған сұлы немесе бидай, 0,5 кг тарыны булап беру керек. Қаны таза болу үшін сәбіз, күші мықты болу үшін тауық жұмыртқасын береді. Бәйгеге қосуға бір апта қалғанда аттың жейтін шөбі мен жемін азайтады, ал суды өзі де артық іше қоймайды. Есте болатын жағдай, ат бәйге өтетін жерге барғанда күндегі өзі ішіп жүрген суын ішуі қажет. Өйткені өзен, бұлақ суын ішкен ат, құдық суын ішсе,

немесе керісінше болса, онда ол аттың іші өтеді, шабу кезінде әлсірейді.

Ұзақты бөйге кезінде жүйрік ат жел жағында шапқаны дұрыс. Шабандоз ат үстінде еңкейіп отырғаны жөн, аттың көзін сүртіп отыру керек болмаса екі аяғы аттың өкпесін жөнсіз соғып, мезгілсіз шаршатады.

Кейінгі кезде жайдақ шабу кең өріс алып келеді. Меніңше, ол атқа да, балаға да зиян. Кейбір атбегілер «бабочка» деген өзі жеңіл ермен шаптырып жүр. Ол өте дұрыс, біріншіден, шабандоз бала аяғын тіреп отырады, екіншіден, аттың өзіне де жеңіл.

Бірсыпыра шабандоз балалар соңғы айналымда аттың басын ертерек жібереді, ол өте қате! Ат шаршап келе жатқанда бар екпінімен шауып, құлап өліп қалып жүр. Сондықтан алға шыққанда аттың басын тежеп отырғаны дұрыс, сонда ат күшін жоймайды. Шабандоз қамшыны дұрыс жұмсағаны жөн. Кейбір ат қамшыны сүймейді, айқайды сүйеді.

Сөз соңында айтылар нәрсе — жоғарыдағы келтірілген ат баптау түрлері,

шарттары жүйріктердің бәріне бірдей келе бермейді, әр атты бәйгеге жаратудың өз ерекшелігі, сырлары мен қырлары бар. Сондай жағдайларды ескерген жөн. Бұл бапкердің үнемі есінде болғаны абзал... (**«Жас алаш газеті» № 34. 20 наурыз. 2001ж.**)

Жоғарыда аталған “Ер қанаты» атты жинақта белгілі қаламгер Мылтықбай Ерімбетов оңтүстік өңірінде ат баптаумен айналысып келе жатқан ұлты неміс Аликтің әдістерін қызықты баяндайды. Алик боп атанып кеткен Адольф Диринг сонау 1941 жылдан бері қазақ арасында тұрып атқа құмар болып өскен, қазақ халқының ғажап қасиеттерін бойына сіңірген азамат екен. Оның баптаған аттары Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан шабандоздары қатысқан көптеген жарыстарда бас бәйгені ешкімге бермей келген. Оның басты сыры — Аликтың атты өз қолымен тамаша баптай білетіндігінде. Бұл жөнінде ол мынандай сырларын ортаға салады.

...Көкпар аты — қара жұмыс істейтін ат. Көкпар аттары екіге бөлінеді. Жазда, құмда шабылатын және қыста шабы-

латын. Кейінгі кезде, көбінесе, соңғы мезгілі дұрыс деп табылып жүр. Себебі - тойдың көбі — күзде, қыста, ел адамдарының қолы аз-кем босап, жер кеңгенде өтеді. Жазда ат байланады. Оның мерзімі, ең кемі екі ай, кейде 40 күн. Тіпті, үш ай бойы байланатындары да бар, ол аттың қондылығына байланысты.

Байланған атқа жем-су, әрине, тасып беріледі. Күндіз салқын саяда, түнде ашық далада байланады. Жаздықүні, күндіз жұқа жабу жапқаны жөн. Екі мезгіл - таңертең, кешке суарып, ауыстырып-ауыстырып, аунатып алады. Аттың жаңбырлығы (сан сызығы) жабылып, жалы құлаққа жете-қабыл болғанша, жілік майы толғанша бағады. Жілігі толған атты, яғни үш-төрт елі қазысы бар атты таң асыру басталады. Бұл кезде - құрғақ шөп, арпа беріле бастайды. Кейбір аттарды күштілігіне қарай қаңтару - таңғы, кешкі — екі мезгілге көшіріледі.

Кешке, жемнен кейін, атқа ешқандай шөп бермей зере қазыққа құр тақырға таң атқанша байлап қояды. Аттың дене тұрқына орай зере қазықтың жерден

биіктігі 1,5-2 метр шамасында болады, мойын кертпеш жасалады, бұл аттың айналып тұруына мүмкіндік береді. Мұның басқа да түрлері болуы мүмкін.

Сонымен, қазақтың көне тәртібінде атты 50-60 күн байлайды. Қаңтарылады. Қысқа жақындағанда 60-70 күн қатарынан мініледі. Содан соң көкпарға салынады.

Осы жолдан өтпеген ат бапқа келмейді. Байланған кезде атты жем-шөптен, судан тартпайды. Мысалы, күніне 2-3 кг жем берсе, ертеңінде 4-5 килограмға көбейтіп, жемді бір килограмға дейін молайта береді. Ат әбден семіру кезіне — күндік норма 2 пұтқа жеткенде келеді. Осы кезден бастап күн сайын, ат жемді қалдыра бастағанда... бір-екі килограмдап төмендете, кеміте бересің. Менде атты жемдеудің екі әдісі бар.

Бірінші әдіс: арпаны шала қайнатып, сонан соң қуырып беру. Бұл өте сенімді болады. Қазақ бұрын сұлы берген. Ол арпадан да жеңіл. Ал суытқан кезде бидай беру — өте ауыр соғады.

Екінші әдіс: аттың тамағы жақсы

қорытылуы үшін — бойына тез сіңуі үшін бір шелек көк шайды суытып береді. Аттың көп кеткен терін қалпына келтіруге де, тәбетін ашуға да пайдалы.

Ат суыту өте қиын. Мықты көкпар қыста басталады. Қыста шапқан ат тез арықтайды. Мамыр айынан қазан айына дейін байланған атты байлаудан шығарарда бірінші рет үш күн бойы жем бермейді. Бұл — ішіндегі ласын тастау үшін қажет. Қырық күн келте байланып, қаңтарылады. Содан соң аздап ұзартуға болады. Бұл кезде аз аунатып, мейлінше сақ болғаны жөн. Аунату, секіртуден қазы жыртылып кетуі мүмкін. Бір апта ер салынып, арқасын үйретеді. Күніне 100 метрден бастап, ұзата-ұзата 30 километрге дейін жеткізу 60-70 күнге созылады. Бұл кезде күндік жем нормасы 3-4 килограмдық режимге өтеді. Арықтағанда 7 килограмға дейін жем беруге болады.

Ат отыз күндей мінген соң, жинақыланып, құстай қомданып қалады. Қадамын жай бастап, желе жортып, одан бусантып, терлетіп алып, қаңтарған дұрыс. Бір тойда үш рет шапса, сонан соң 4

сағаттай жем-су берген жөн. Осыны жасамаған адам атын аяқтан қалдырады. Ыстықты-суықты етпей суыту керек.

Бәйгенің атын 6 ай жаз мінбей, жетектеп суытады. Көкпар атын суытудың түрі одан бөлек. Бәйге аттың бапкерлері аттың тезегі сулы болса “ішінде өлі май бар екен» деп тұз, шөп беріп ішін кеңітеді. (**“Ер қанаты».** 216-218 беттер).

Ат өнері жайлы, оны баптау мен күтудің жай-жапсары, оның иесі жайлы бұрынды-соңғы ақын-жыраулар да көп мадақтаулар, немесе кекесінге толы жырлар қалдырған. Ат арқылы оның иесінің жақсы қылықтарын, мінезін, көбінесе жамандық жасауға жақын тұратын билік басындағылардың, топас-тоғышарлардың іс-әрекеттерін әшкере-леп, оларды жұртшылық алдында масқаралап отырған.

Мысалы, ұлы **Жамбыл** “Болысқа» деген бірқақпай өлеңінде жарысып аты оза алмаған болыстың масқарасын шығарады...

...Қастектегі құттық Сейіт ауылында Құдайберген деген болыс болады. Ол

өркөкіректеу, адуын мінезді, тік сөйлейтін адам екен. Бір жолы ол қала жақтан келе жатып, күрең атты бір жас жігітпен кездеседі. Болыс жігіттің атына қызыға қарап:

- Жарысасың ба? — дейді. Әлгі жігіт:

- Жарыссақ жарысайық, — дейді.

Сонымен екеуі жарысып бірер белден асып кетеді. Атын суытып, баптап жүрген жігіт оған шаңын да көрсетпейді. Оны қайтсем де қуып жетемін деп намысқа тырысқан болыстың аты семіздіктен қызыл май болып зорығып өледі. Бұл жәйт елге лезде тарайды. Оны Жамбыл да естиді. Бір жиында Жамбыл болыстың үйіне кіріп барса, Құдайберген оны кекетіп: “Сенің бір жынды ініңмен жарысамын деп атымнан айырылдым», - депті. Сонда Жамбыл сөзді іліп алып:

- *Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-қауіп.*

*Екейдің жындысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой есің ауып,* — депті.

Атын баптамай, өзі сияқты құр семірте берген Құдайберген болыс жұрттың көзінше жұмған аузын аша алмай, жерге қараған екен дейді.

АТТЫ ҚАЛАЙ СЫНАУ КЕРЕК?

Бәйгеге қосылатын аттардың бапта-луын, дене бітімі және басқа да ерекшеліктеріне қарап қандай сынға шыдайтынын, қаншалықты үдеден шығатынын бір көргеннен-ақ дөп басып айтып беретін сыншылар халқымыздың арасында көп болған. Ел аузынан жеткен әңгімелерге қарағанда қазақта бұрын-соңды **Толыбай сыншыдан** өткен білгіш, көріпкел болмағанға ұқсайды. Ол кісі жөнінде кейін жазба деректерге айналған жәйттерге көңіл аударсақ, атты, жалпы жылқы малын сыртқы көрінісі бойынша сынап, оның қасиетін анықтаудың небір керемет қыр-сырларына батасыз.

Толыбай сыншының қай дәуірде өмір сүргені жайлы нақты дерек жоқ. Алайда, аңыз іспеттес ауызекі әңгімелердің өзі сыншыны бізге жақындата түсіп, кеше-бүгін арамызда жүргендей елес сезіміне, сенімге бөлейді. *Толыбай сыншы жылқыға бір қарағанда-ақ оның тегінің қандай екендігін, одан жүйрік шығатын-шықпайтындығын дөп басып айтып бере алады екен.*

- Осы жылқымды сынап беріңізші, - деген бір адамға; - Өзің атқа мін де судан ары-бері өтші, - депті.

Атқа мініп судан ары-бері өтіп келген анаған:

- Атың сиыр тектес екен, - депті.

- Оны қайдан білдіңіз, - деген сұраққа:

- Бұл жануарың ары-бері өтіп болғанша сиырға ұқсап судан басын алған жоқ және судан шыққан соң артқы аяғын сілкеді екен, - деп жағадағы топырақтан әлі кеуіп үлгермеген судың сызық шашырандысын көрсетіпті. Мұндай әдет сиыр малына тән екендігі ежелден белгілі емес пе?

Халық арасындағы әдет-ғұрыптарды, кеше мен бүгінгі тарихи дүниелерді көп жазып қалдырған қаламгер *Сәуірбек Бақбергеновтың* жазуынша Толыбай сыншының атақ-даңқы бала кезінен бастап-ақ дүрілдей шығады. Тіпті, ол кісі тірі жылқыны былай қойғанда, қурап қалған сүйектерге қарап та малдың қандай қасиеттері болғандығын анықтай береді екен. Бірде ел аралап келе жатып далада жатқан жылқының қу басына көзі түседі. Жерден іліп алып айналдыра бір

қараған соң ол бастың тегін бас болмағандығын байқайды. *Оған себеп — тұмсығы имек, бөкен тұмсық. Көзінің ойындысы терең, жар қабақ. Шықшыты ерекше келіп, екі жақтың ортасы алшақ. Тістері асыл тастан жаратылғандай әлі жылтырайды.*

...Бастың тұмсығына қарап оқтығы биік, аяғы ұзын, қоян тірсек, мол серпінді, сіңірлі мал екендігін айқындайды. Жылқы бұдан үш жыл бұрын өлген.

Қу басты ерінің қасына іліп алған Толыбай жігіт жыл бойы ел аралап жүріп аттың иесін табады. Ол - Қаратаудың теріскейінде тұратын Малдыбай деген қарт болады. Сол Малдыбайдың Құндызқара деп аталған жүйрігі болған екен. Сыр бойында өткен үлкен жиында бөйгенің алдында оқ бойы озық келе жатқан жануар оқпанға аяғын тығып алып мерт болған екен...

Құндызқара барлық бөйгелерде алдына ешқандай жануарды шығармағанынан хабардар Толыбай Малдыбайдан:

- Осы Құндызқарадан қалған кіндік бар ма? — деп сұрайды.

- Қайбір оңған кіндік дейсің. Өрісте бір

жетім қалған қотыр құнан бар еді, қасқыр жеп қоймаса.

Толыбай сыншы сол қотыр құнанды іздеп шығып қалың жылқыға тап болады. Небір көздің жауын алатын жылқыға қарамай, саяқ жүргендердің ішінен қотыр құнанды бірден таныпты. Бас пішіні Құндызқараға тартқан екен. Оны өзіне жақындатып, ала келген қу басты иіскеткенде, қотыр құнан тұмсығын көкке көтеріп, жерге қарай оқыранып қойыпты.

Толыбай осы сыйқы жоқ қотыр құнанды бір жыл бағып, дөнен шыққанда көрсе, бәйгеге жарайтын хөлге жетіп қалған екен. Құндызқараның баласы Шымқара атанып, он-он бес жыл қатарынан Қаратау мен Сыр, Күнгей мен Теріскей бетінде бас бәйгені ешбір жүйрікке бермей қойған екен дейді.

(«Ер қанаты». 69-71 беттер)